

«АРУЛАР – АСЫЛ ЖАНДАР» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК КЕЗДЕСУ

2016 жылы 3 наурыз күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті экономика факультетінің «Есеп және аудит» мамандығының 206 топ студенттері мен кураторы А.Б.Күлекешованың ұйымдастыруымен «Арулар – асыл жандар» атты мерекелік кездесу сабағы өтті. Сабаққа топ студенттерінің Г. Мамаева, Г. Бидахметова, А. Зарапов, А. Омирбек, М. Карибаева аналары, экономика факультетінің деканы орынбасарлары Д.С. Курманова және Ж.А.Усенова, «Есеп және аудит» кафедрасының оқытушылары Б.И.Тукенова, З.М. Шаукерова қонаққа келді.

Сабақтың мақсаты: «8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні» мейрамы қарсаңында аналарды құттықтап, оқу үрдісімен, тәрбие жұмысымен, жетекші кафедрамен және университеттің ең үздік факультетімен таныстыру.

Кездесу нәтижесінде аналар топ студенттерімен, факультет деканатымен танысып, айналысатын істерінен, оқу үрдісі жағдайынан хабардар болды.



Аналар мерекелік концертті тамашалауда



«Ай-ай» би ансамблі



Аналар мен оқытушылардың сұхбаты